

**Қарабалық ауданында орналасқан Сарыкөл су тартуының № 21, № 22, № 23, № 24 және Весело-Кутский су тартуының № 31, № 32 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 14 ақпандағы № 40 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 наурызда № 4504 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қосымшаға сәйкес Қарабалық ауданында орналасқан Сарыкөл су тартуының № 21, № 22, № 23, № 24 және Весело-Кутский су тартуының № 31, № 32 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Н. Садуақасов*

**КЕЛІСІЛДІ:**

"Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрлігі  
Мемлекеттік  
санитарлық-эпидемиологиялық  
қадағалау комитетінің Қостанай  
облысы бойынша департаменті"  
мемлекеттік мекемесі  
басшысының міндетін атқарушы  
\_\_\_\_\_ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы  
 Қоршаған ортаны қорғау  
 министрлігі Су ресурстары  
 комитетінің Су ресурстарын  
 пайдалануды реттеу және  
 қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай  
 бассейндік инспекциясы"  
 республикалық мемлекеттік  
 мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Г. Оспанбекова

"Қостанай облысы әкімдігінің  
 табиғи ресурстар және табиғат  
 пайдалануды реттеу басқармасы"  
 ММ басшысы

\_\_\_\_\_ Қ. Төлеубаев

Қарабалық ауданының әкімі

\_\_\_\_\_ А. Ысмағұлов

Әкімдіктің  
 2014 жылғы 14 ақпандағы  
 № 40 қаулысына қосымша

**Қарабалық ауданында орналасқан Сарыкөл су тартуының № 21, № 22, № 23, № 24 және Весело-Кутский су тартуының № 31, № 32 ұңғымалары учаскесінде шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтары**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері					
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу	
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы
Сарыкөл су тартуының № 21, № 22, № 23, № 24 ұңғымалары	Радиусы - әр ұңғыманың айналасында 50 метр	4,37 гектар	Радиусы - әр ұңғыманың айналасында 245 метр	29,95 гектар	Радиусы - әр ұңғыманың айналасында 1734 метр	960 гектар
Весело-Кутский су тартуының № 31, № 32 ұңғымалары	Радиусы- әр ұңғыманың айналасында 50 метр	1,7 гектар	Радиусы - әр ұңғыманың айналасында 259 метр	24,1 гектар	Радиусы - әр ұңғыманың айналасында 1833 метр	1070 гектар

Ескерту: "Қостанай облысы Қарабалық ауданындағы №№ 21-24 (Сарыкөл су тарту), №№ 31,32 (Весело-Кутский су тарту) ұңғымалар учаскелерінде " Ақ-Бидай-Агро" ЖШС су тартуларының санитарлық қорғау аймақтары

белдеулерінің мөлшерлерін негіздеу жобасы" картографиялық материалында санитарлық қорғау аймақтарының шекаралары көрсетілген (Тапсырыс беруші – "Ақ-Бидай-Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК